

Бөдене орта мектебінде камқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен жиналыс өткізілді

Қатысқандар-7

Қатыспағандар:0

1.Жиналысқа мектеп директоры Н.З.Тугаев, директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.М.Турганова, әлеуметтік педагог Г.Ж.Даутова, педагог-психолог Д.С.Салауатова қатысты

Күн тәртібінде:

1.Дәстүрлі өткізілетін Президент шыршасына қатысатын оқушыларды ұсыну туралы Хабарламашы: Г.Даутова – әлеуметтік педагог

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе негізінде әлеуметтік педагог Г.Даутова сөз алды.

Құрметті жиналысқа қатысушылар, камқоршылық кеңесі мүшелері, сіздердің қатысуларыңызбен бүгін біз Аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 11 қарашадағы №05-04-01/1548 хаты негізінде өткізілетін дәстүрлі Президенттік шыршасына қатысатын жетім, ата-ана камқорлығынсыз қалған, ерекше білімді қажет ететін, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың оқушыларын анықтау мақсатында жиналып отырмыз. Президенттік шыршаға қатысушы оқушының міндетті түрде сабақ үлгерімі жақсы болуы, өнерде, спортта жетістіктері болуы және 9-13 жас аралығындағы жасөспірім болуы шарт. Сонымен бірге қатысушы бұрын мұндай шараға қатыспаған оқушы болуы керек. Біз сіздерге осындай шарттар талаптарына сәйкес келетін әлеуметтік осал топ санатындағы отбасылардың бірнеше оқушысын ұсынып отырмыз. Осы оқушылар ішінен 1 оқушыны Президент шыршасына ұсынуға тиістіміз.

1. Л.Турганова- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Берілген оқушылар тізімімен таныса отырып, Президент шыршасына қатысушы 1 оқушыны әділ түрде анықтауға тиіспіз. Мен өзім осы шараға 2011 жылы туған 4 сынып оқушысы Ғалымбекқызы Қаракатты ұсынамын. Анасы Икметова Зульфия – бала тәрбиесімен айналысып отырған көп балалы ана. Қаракат әрі аз қамтылған отбасы санатына, әрі көп балалы отбасына жатады. Сабақ үлгерімі жақсы. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Мектепшілік шаралар мен байқаулардан жүлделі орын алып жүрген оқушының бірі. Мен осы оқушыны ұсынамын.

2. Д.Салауатова – педагог-психолог:

Ұсынылып отырған оқушының осы шараға қатынасуын құптаймын

3. Н.Тугаев – кеңес төрағасы

Президент шыршасына қатысуға ұсынылған оқушыны жіберуге толықтай келісемін, осы оқушы әлеуметтік осал топ санатындағы отбасылардан шыққан. Сонымен бірге, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Оқушы бұрын сонды осындай қайырымдылық шыршасына қатыспаған. Барлық жоғарыда айтылған ережеге балалардың мәліметі сәйкес келіп тұр.